

Астана қаласының магистральдары мен орталық алаңын қайта жаңарту бойынша 1998 жылы орындалған жұмыстар үшін берешекті өтеуге қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 17 тамыз N 1170

"Астана қаласын 1999 жылы дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 ақпандағы N 161 Р990161_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Астана қаласының әкіміне Астана қаласының магистральдары мен орталық алаңын қайта жаңарту бойынша 1998 жылғы орындалған жұмыстар үшін "Горкоммунхоз" мемлекеттік кәсіпорнының "Қазақстан жолдары" акционерлік компаниясы алдындағы берешегін өтеуге кезек күттірмейтін мемлекеттік мұқтаждарға 1999 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен 200 млн. (екі жүз миллион) теңге бөлсін.

2. Астана қаласының әкімі "Горкоммунхоз" мемлекеттік кәсіпорнының

"Қазақстан жолдары" акционерлік компаниясы алдындағы берешегін өтеу бойынша есеп айырысу жүргізуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М

Омарбекова А.Т.